



Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1995 жылғы 21 желтоқсан N 2705. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

1. Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, аппарат қызметкерлерінің белгіленген саны шегінде 65 адам есебінде бекітілсін.

2. Баспасөзде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында заңдылықты сақтауды бақылау жөніндегі облыстық инспекциялардың қызметкерлер саны 42 адам есебінде белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігіне Төрағаның екі орынбасарын, сондай-ақ құрамында 11 адамы бар алқа ұстауға рұқсат етілсін.

4. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің орталық аппараты үшін қызметтік 3 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1995 жылғы

21 желтоқсан

N 2705

өкіміне

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі орталық аппаратының ҚҰРЫЛЫМЫ

Баспа ісі, маркетинг және кітап тарату жетекші басқармасы. Өндіріс, полиграфияны ғылыми-техникалық дамыту және сыртқы байланыстар жетекші басқармасы.

Бұқаралық ақпарат құралдары, сараптау-талдау жұмысы және баспасөзде заңдылықты сақтауды бақылау жетекші басқармасы.

Қаржы-экономикалық жетекші басқармасы.
Құқықтық реттеу және кадр бөлімі.
Әкімшілік-шаруашылық басқармасы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК